

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

**ЖАМАЛ
МАНКЕЕВА**

**ҚАЗАҚ
ТІЛ БІЛІМІНІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**



АБЗАЛ-АЙ

Алматы

2014

УДК 811.512.122

ББК 81.2 Қаз

М 19

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

М 19 Манкеева Ж.
Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» бас-
пасы, 2014. – 640 бет.

ISBN 978-601-7172-41-1

Филология ғылымдарының докторы, проф. Жамал Айтқалиқызы Манкееваның зерттеу жұмыстары жаңа ХХІ ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің озық үлгілерінің бірінен саналады. Өйткені ғалым еңбектерінде тілтанымның заманауи салалары – этнолингвистика мен лингвомәдениеттану «ұлт – тіл – мәдениет» контекстінде, жаңа бағытта, атап айтқанда, когнитивтік және антропоэзектік көзқарас тұрғысынан сараланады.

Басты рухани қазынамыз саналатын ана тіліміздің кумулятивтік қызметін жан-жақты ашып көрсететін, тарихи морфология мен лексикологияның өзекті теориялық мәселелерін сөз етіп зерттеуші еңбегі тілші ғалымдарға және көпшілік тіл жанашырларына арналған.

УДК 811.512.122

ББК 81.2 Қаз

ISBN 978-601-7172-41-1

© Манкеева Ж., 2014

© «Абзал-Ай», 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Проф. Жамал Айтқалиқызы Манкеева 1950 жылы Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шілік кеңшарында дүниеге келген. 1967-72 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, үздік бітірді. Көрнекті тілші ғалым Ы. Мамановтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі «өлі» түбірлер» тақырыбында бітіру дипломын қорғады және университеттің қазақ тілі кафедрасына аспирант (1973-76) болып қабылданды.

Жас ғалым 1977 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына жұмысқа орналасады. Міне, содан бері табан аудармастан А. Байтұрсынұлы атын иеленген ғылыми-зерттеу институтының Тіл мәдениеті, Лексикология және Этнолингвистика бөлімдерінің ғылыми қызметкері, бөлім басшысы болды.

Академик Ә. Қайдаровтың кеңесшілігімен «Реконструкция «мертвых» корней глагольных основ казахского языка» тақырыбында кандидаттық диссертация (10.02.06 – түркі тілдері; 1987 жыл) және «Қазақ тіліндегі мәдени лексика» тақырыбында докторлық диссертация (10.02.06 – түркі тілдері; 1997 жыл) қорғады.

Өр жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттерінде дәріс оқып, доцент, профессор атанды. Тіл білімі институты мен аталған университеттердің мамандандырылған диссертациялық Кеңесінің мүшесі болды және өзінің тікелей жетекшілігімен 30-ға таяу жас ғалым ғылыми атақ иеленді.

«Реконструкция «мертвых» корней глагольных основ казахского языка» (1991), «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты» (1997), «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» (2008), «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» (2010), «Қазақ филологиясы: егіз негіз» (Проф. З. Бисенғалимен бірге; 2010) атты зерттеу кітаптары жарық көрді.

Көптеген ғылыми жинақтардың редакциялық алқасының мүшесі және жауапты редакторы, соның ішінде он бес томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігіне» де үлес қосты. Лингвистикалық «Тілтаным» журналының (2001 жылдан бастап) жауапты редакторы.

Проф. Ж. Манкееваның тырнақалды зерттеулері қазақ тілінің тарихи және салыстырмалы морфологиясын терең танып-білуге айтарлықтай үлес қосты. 1970-80 жылдары акад. Ә. Қайдаровтың басшы-

лығымен Тіл білімі институтында бірнеше жас ғалым тіл (сөз) тарихы мәселелеріне бел шеше кірісіп, «түбіршілер тобы» атанған болатын. Түркітану ғылымы қалыптасқан кезден бастап-ақ ғалымдар алдына өткір қойылған, бұрын да һәм бүгін де өзекті мәселе болып табылатын түркі тілдерінің түбір-негіздік құрылымы, оның фоно-морфо-семантикалық табиғаты әлі талай буын зерттеушілердің ұйқысын қашыратыны хақ. Ізденіс түбі түпсіз тіл онтологиясына барып тірелетін, алтаистикадағы карама-қайшы, полярлы пікір-ойлардың зардабын әбден тартқан, хатқа түскен жазба ескерткіштері мардымсыз, оның үстіне туыстық кіндігі кесілмеген, қан тамыры ажырамаған түркі тілдерінің жалғамалық-агглюнативтік феномені мен бір (мүмкін екі) буынды түбірлік сыр-сипаты және оның эволюциялық даму жолы жаңа заманның инновациялық ізденіс тәсілдерімен қаруланған жаңа буынның талантты тіл жоқшылары күтуде...

Бүгінде өзіміз әбден мансұқтаған диссертация жазып-қорғаудың жағымды да бір жағы бар-тұғын. Кандидаттық дәрежеге қол жеткізу жолында талапты жас маман шырығып, шыныға түссе, ал докторлық диссертацияға міндетті түрде жаңа бір бағыт, тың сала таңдалып, соны соқпақ салынатын. Сірә, осы үрдіс-дәстүрдің әсері болса керек, Ж. Манкеева толысқан шағында, мыңжылдықтар өліарасында су жаңа тақырыпқа ден қояды. Ол – этномәдени (материалдық) лексика.

Шындығында ғасырлық тарихы бар тіл білімінде ана тілін құрылымдық сипаттау, оның коммуникативтік қызметін жан-жақты ашып көрсету мәселелері оты азайған, таптаурын тақырыпқа айнала бастап еді. Оның үстіне кеңестік қыл бұрау босаңсып, орыс және әлем тіл білімдерінде өркештене дамыған жаңа бағыт, соны салалар қазақ тілінің кумулятивтік қызметіне жаңа қырынан, тереңірек үңілуге алып келді. Халқымыздың ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан материалдық һәм рухани-мәдени мұрасын, жалпы рухани қазынамызды, ұлттық салт-дәстүр мен таным-түсінігімізді жаңа парадигмада, «ұлт – тіл – мәдениет» контексінде зерттеу қажет болды және замана желі, тәуелсіздік таңын оның жолын аша түсті.

Ана тілді құрылымдық-субстантивтік жүйелі таңбалық құбылыс деп танып, оны когнитивтік және антропоөзектік зерттеу әдіснамасын қолдана отырып, тарихи және этнолингвистикалық жолмен зерттеу қазақ тіл білімінде проф. Ж. Манкеева есімімен тікелей байланысты тың өріс. Оның төске өрлеген ойжайлаулары мен төржайлаулары әлі өз жеміс-ризығын молынан берері сөзсіз.

Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы,
«Антология» жобасының жетекшісі



Maru

I

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
БАЙЫРҒЫ ТҮБІРЛЕРДІ
ЖАҢҒЫРТУ**

КІРІСПЕ

**ТҮБІР МОРФЕМАЛАР ЭТИМОЛОГИЯСЫНЫҢ
КӨМЕСКІЛЕНУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РЕКОНСТРУК-
ЦИЯСЫ**

**АФФИКСТІК МОРФЕМАНЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ АРҚЫЛЫ
ТҮБІР МОРФЕМАНЫ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ**

**СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯДАҒЫ ТҮБІР
МОРФЕМАНЫҢ РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
АНТРОПОӨЗЕКТІК ҮРДІС**

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ

Түркі тілдерінде қосымша морфема жалғанбаған түбір сөздердің табиғатын зерттеу бірқатар түркітанушы ғалымдардың назарын аударғаны белгілі. Себебі бүкіл лексикалық қордың өзегін құрайтын, бойында сан ғасырлық тарихи даму жолын сақтап қалған және оны тұтынушы халықтың материалдық, рухани мәдениетіндегі ерекшеліктерді бейнелейтін бұл түбірлердің түп негізінде жатқан басы ашылмаған лингвистикалық тылсым дүниелер аз емес. Соның ішінде түркі тілдеріндегі етістік түбірінің түрлі аспектілері, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық ерекшеліктерінің бірқатары кеңес дәуіріндегі түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде ғылыми зерттеу нысанына айналды.

Көрсетілген проблемалар бойынша жарияланған зерттеулер мен ғылыми мақалалардың көптігі бір жағынан түбір құрылымын зерттеудің теориялық, практикалық тұрғыдан өзектілігін айғақтаса, екінші жағынан, бұл мәселенің аса күрделілігін де көрсетеді. Соның негізінде кейде бір-бірін жоққа шығаратын үрдістер де туындайды.

Солардың ішінде етістік және есім түбірлердің құрылымын, даму динамикасын әрқашанда ғалымдардың ерекше назарын аударды. Әртүрлі кезеңдерде бұл мәселелермен айналысқан көрнекті түркітанушы ғалымдар: Г. Вамбери, А.Л. Котвич, В.В. Радлов, Г. Рамстедт, Э.В. Севортян, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, И.А. Батманов, Б.М. Юнусалиев, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Б.А. Серебренников, А.М. Щербак, Ә.Т. Қайдаров, Б.О. Орузбаева, В.В. Попов, Н.И. Букетова, А.Г. Шайхулов, т.б.

Солардың қатарында қазақ тілі деректері негізінде тікелей түбір мәселесін зерттеген ғалымдар: Ә. Қайдаров, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, М. Томанов, А. Ибатов, К. Хұсайынов, Е. Қажыбеков, Б. Сағындықұлы, А. Салқынбай, Ж. Тектіғұл, М. Ескеева, т.б.

Қазақ тілші ғалымдары да өз зерттеулерінде түркі лексикасының түбір құрылымы, түбірдің одан ары қарай жіктелмейтін сөз бөлшегі ретіндегі дәрежесі, қолданылу аясы, белгілі бір мағына

(қимылдық, әсіресе синкретті етістікті-есімді түбірлер) білдіретіні немесе этимологиялық күңгірт мәнде болатыны жөнінде тұжырымдар жасады. Соның нәтижесінде ғалымдар бірбуынды түбірлер құрылымының бірнеше түрлері (V, VC, CV, CVC, CVCC) болатынын мойындап, соның ішінде түркі тілдерінің қазіргі дамуы кезеңінде CVC типіндегі түбірлер басымдылыққа ие екенін анықтады.

Дегенмен, аталмыш мәселенің өз деңгейінде зерттелгеніне қарамастан, түркі түбірлерінің тілдік табиғатында әлі де болса айқындалмаған, нақтыланбаған мәселелер баршылық. Нақты айтқанда, ғылыми қолданыста түркі тілдері агглютинативтік құрылымының тарихи дамуының әрбір кезеңіндегі түбірлердің құрылымы мен жалпы болмысы әлі де болса біржақты түсіндірілмей отыр. Диахрондық тұрғыдан алғанда жіктелмейтін лексема деп саналатын түркі түбірлерінің дәрежесін айқындайтын анықтамалар тек жорамал сипатқа ие.

Себебі, нақты бір түркі тіліне қатысты немесе сол кезеңдегі оның агглютинативті даму деңгейіне қатысты салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізгенде түркі лексемаларының туынды (өнімді) немесе түбірлік тілдік ерекшелігі шартты түрде ғана анықталады.

Осыған орай жекелеген түркі тілдерінің материалына этимологиялық талдау жасау жалпытүркілік сипаттағы тұжырымдарды дәйектеуге көмектесер еді.

Бұған қоса, түркі түбірлерінің дамуына синхрондық аспектіде талдау жасап, анықтама беру оның тарихи табиғатын толыққанды анықтай алмайды. Сондай-ақ түбірлердің құрамдық элементтерге жіктелуі/жіктелмеуі туралы мәселені де шеше алмайды.

Осыған орай, қазіргі түркі тілдерінің біршама деректеріне ғана сүйеніп, негізгі және перифериялық лексиканы кең ауқымда қарастыруды ескере бермейтін жеке ғалымдардың тұжырымдамаларын екі және көпбуынды негізгі түбірлердің жіктелуі/жіктелмеуі мүмкіндіктерін анықтауда шешуші анықтама-тұжырым деп атауға болмайды. Осыған байланысты кейбір зерттеулер қазіргі түркі тілдеріндегі тек екі немесе үшбуынды түбірлер ғана емес, сондай-ақ бірбуынды түбірлер де бір кезде жеке морфологиялық элементтер болып, кейінгі сан ғасырлық агглютинативтік даму кезеңдерінен өткен өнім ретінде өзінің бойында фо-

нетикалық, морфологиялық, семантикалық заңдылықтарды сақтай отырып, тұтас бірлікке айналған, қазір құрамдас бөлшектерге жіктелмейтіндігін дәлелдеп отыр.

Осымен байланысты «жалпытүркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек VII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі ескерткіштерінің тілі» [1] деген бағаның қазіргі тілде көбіне түбір болып саналатын, бірақ тарихи туынды екібуынды түбірлерге де тікелей қатысы бар.

Тілдің осындай даму сатыларынан өткенін ескере отырып, түбір теориясына динамикалық тұрғыдан зерттеу жасауға болатыны байқалады. Осындай көзқарасқа сәйкес, түбір онтологиялық деңгейдегі бірлік ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, соның нәтижесінде белгілі бір хронологиялық деңгейдегі түбірдің жалғыз ғана моделінің ататілде қолданылу мүмкіндігін жояды. Бұдан шығатын қорытынды, түркітануда анықталған түбір құрылымдарының (CV, VC, SVC және т.б.) әртүрлі хронологиялық деңгейі тек бір ғана модельге негізделмейді деген сөз.

Осымен байланысты көптеген күрделі мәселелердің күрмеуін шешудің тетігі тек тілдің бір саласы негізінде ашылмайтынын қазіргі кешенді тіл білімінің деңгейі көрсетіп отыр. Атап айтқанда, қалыптасқан ғылыми көзқарастар тұрғысынан тарихи фонетикалық заңдылықтар тұрғысынан түсіндіріп келген көптеген морфемалық құрылымда кездесетін ығысу, жылысу, т.б құбылыстардың ерекшелігі мен сырлары қазіргі тіл білімінде екі сала (морфология мен фонетика) тоғысында қалыптасқан морфонологияда қарастырылады [2].

Қазіргі түркітануда қалыптасқан тіл онтологиясының күрделілігі тілдік құрылымның аясында кейбір қайшылықтардың із қалдыруымен сипатталады. Мұндай белгілер бір буынды түбірлердің тарихи эволюциясына да қатысты. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің құрылымын бейнелейтін V CV, VC, SVC, CVCC, VCC модельдерінің қазіргі

қазақ тіліндегі тұрақтылық сапасы мен өзгермелі сапасының деңгейі әртүрлі. Бұл модельдердің тұлғалық-мағыналық белгілерін сол күйінде сақтаса, енді бір тұлғасын сақтап, мағыналық өзгерістерге ұшыраған, мағынасын өзгертпей, тұлғалық ауытқуларға ұшыраған. Мұндай құбылыстардың қалыптасуының лингвистикалық экстралингвистикалық жүйелі себептерін қазіргі тіл ғылымындағы заңдылықтың аясында анықтауға келмейді. Алғашқы моносиллабтардың CV моделінің бірнеше нұсқалары болғанмен, лингвоэволюциялық процесте ортақ идея мен дефинициялық белгілердің негізінде морфо-семантикалық қалыптасады. Сондықтан V және CV модельді түбірлес моносиллабтарды бір ғана тұлғада реконструкциялау нәтиже бермейді, олардың архитұлғасы мен архисемасы кешенді сипатты бейнелейді. Ал, келесі тарихи даму кезеңінде моносиллабтардың VC, VCC, CVC, CVCC модельдерінде нақтылау үрдісі байқалады.

Тіл білімінде фоно-семантикалық құбылыс, идеофондық сапа, фонетикалық сөзжасам тәсілі, ішкі флексия, жасырын синкретизм, рекликт түбір, «өлі» түбір деп қарастырылып жүрген гомогенді түбір-негіздердің бастапқы жалпы тұрпаты мен мазмұны бірдей моносиллабтарда ғана емес, дисиллабтар құрамынан да ажырату қиын, бірақ бірбуынды көне тұлғалар ретінде қарастыруға теориялық негіз бар. Зерттеулерде CVC бірбуынды сөздердің соңғы дыбыстарының тарихи тұрғыдан алмасуы соңғы дыбыстарының жаңа мағына тудырушы қосымша – модификаторлық сипатымен түсіндірілсе, VC, CVC модельдердің анлаут, инлаут позициясындағы сәйкестіктер ішкі флексия құбылысының іздері ретінде қарастырылады.

Бұл ғылыми нәтижелер – академик Ә. Қайдаровтың түбір құрылымына ықпал еткен фактор ретінде атап көрсеткен мәселелердің арнайы бір жүйеге түсіріліп зерттелуінің айғағы. Сонымен бірге ол көптеген екібуынды етістіктердің құрамында кірігіп кеткен түбірлердің құрылымын анықтауда да тиімді болмақ.

Бұл нәтижелер зерттеушілердің қызығушылығын тудырған екі немесе бірбуынды түбірлер де көпбуынды түркі туынды түбірлері сияқты диахрондық тұрғыдан алғанда белгілі бір дәрежеде морфемалық бөліктерге жіктеуге келеді деген болжам ұсынуға негіз болды. Демек, келе-келе түбір мен аффикстің жіктелу қасиеттері

жойылып, тірі аффикс уақыт өте келе аморфты түбірге айналып, жаңа мәнге ие болады. Мұны В.В. Радлов *гиперагглютинация* деп атайды. Бірбуынды түбірлердің түркі тілдерінің осындай құбылыстарға ұшырайтынын фузияға қатысты А.Н. Кононов та көрсеткен болатын [3].

Екібуынды түбірлер түркі тілдеріндегі бірбуынды түбірлермен салыстырғанда этимологиялық морфемалық жіктелуге бейім келеді. Түркітанушылардың дені түркі тіліндегі екібуынды негізгі түбірлердің құрамды құрылымына (монолитіне) нақты сипаттама береді. Мысалы, Н.А. Баскаков екібуынды етістікті түбірлерді (императивтерді) былайша түсіндіреді: «Алғашқы етістікті түбірлерден басқа етістік мағынасында сөзжасамдық тұлғаны танытатын етістікті негіз-түбірлер бар. Бұл түбірлер туыстығы жағынан алғашқы түбір мен сөз тудыратын аффикстің тіркесуінен туындайды, бірақ қазіргі тілде олар туынды түбір емес, жіктелмейтін, *алғашқы қарапайым негіздер* деп саналады. Мысалы, *ай+ыр*» [4].

Нақ осындай мәселелер жалпы түркі түбірлерінің тарихи дәрежесін анықтауда және бір немесе екібуынды түбірлердің фонеморфемалық құрылымын анықтауда өзекті мәселе ретінде алға қойылады. Осыған байланысты О. Бетлинг пен П.М. Мелиоранскийлер ұсынған бір немесе екі буынды етістік түбірлеріне берілген дәстүрлі бағаны ескере отырып, етістіктің негізгі және маңызды тұлғасы деп императив тұлғаны қабылдауға болады, яғни қимыл-қозғалыстың, әрекеттің жалпы мағынасын білдіретін жекеше тұлғадағы, бұйрық райдың екінші жақты тұлғасындағы етістікті атауға болады [5]. Екінші жағынан, бұл тұлғаның тек түркі тілдеріне ғана емес, басқа да әлем тілдеріне тән негізгі және маңызды тұлға болып саналатыны [6] және сол тұлғалардың морфологиялық бүтіндігін сақтап, одан әрі жіктелмейтін қасиеті түркітанушы ғалымдардың осы бағыттағы ізденістеріне тосқауыл болды. Бұған қарамастан кейбір белгілі түркітанушы ғалымдар түркі түбірлеріне морфемалық талдау жасау негізіндегі екі немесе одан да көп буындардан құралған негізгі түбірлердің бірнеше құранды мүшелерге, көнеленген, этимологиялық күңгірттенген бірінші немесе екінші жасалымдағы өлі түбірлерге жіктелетінін атап көрсетеді. Сондықтан негізгі талданатын бірлік ретінде им-

ператив тұлғада қолданылатын дербес етістік-негіздер алынады. Олардың құрамындағы қазіргі кезде ажыратуға келмейтін этимологиясы көмескі моносиллабтар («өлі» түбірлер) түбірдің динамикалық дамуын бейнелейді.

Туынды негіздердің құрамынан аталмыш түбірлердің жіктелу (мүшелену) мүмкіндігі туралы Э.В. Севортян былай дейді: «Бұл өлі түбірлер әрқайсысы белгілі бір, көбінесе түбір сипатты негізден тарайтын гомогенді бірлестіктің құрамына енеді» [7].

Соңғы жылдары тіл біліміндегі тіл бірліктерінің танымдық тұрғыдан зерделеу мәселесінің жандана бастауына орай мазмұн мен мағынаға ерекше мән беріліп, сыртқы тұлғадағы өзгерістердің мазмұнымен сабақтастығы кей жағдайда назардан тыс қалып жатады. Шын мәнінде, қазіргі түркі тілдерінің көне түркілік сипатпен тікелей сабақтастығы гомогенді түбірлер мен түбір негіздер тұлғасының мазмұнын архитұлға мен архисемамен біртұтастықта қарағанда ғана ажыратылады. Түркітануда, соның ішінде қазақ тіл білімінде мұндай кешенді сипаттағы зерттеулердің бар екені белгілі. Атап айтсақ, олар: қазақ тілінің кең көлімді тілдік деректеріне сүйене отырып, моносилабтардың фоно-морфосемантикалық құрылымының ортақ, бастапқы сипатын анықтаған академик Ә. Қайдаровтың «Структуры односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы, түркі түбірлерінің архетиптік құрылымының көрінісіндегі синкретті семантикасын етістік-есімдік гомогенді түбірлердің сабақтастығы деп қарастырған Е.З. Қажыбековтің «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы, т.б. Ортақ түркілік негізден тараған түбірдің әртүрлі құрылымдарын дәйектейтін этимологиялық сөздіктер де түркітануда осы бағыттағы зерттеулерде аталады: Vambergy H. Etymologische Wörterbuch der turko-tatarischen sprachen. Leipzig, 1878; Rasanen M. Versuch eines etimologischen Wörterbuchs der turkshraschen. Helsinki, 1969; Clauson G. An etymological dictionary of pretirteenth-century Turkish. L., 1972; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. 1 т. М., 1974, т.б. Осы қатарға белгілі түркітанушы В.И. Аслановтың пікірінше акад. Ә. Қайдаровтың жоғарыда көрсетілген монографиясына берілген қосымша сөздікті де жатқызуға болады.

Жоғарыда айтылғандарды сараптай келгенде, морфемалық талдау жасау арқылы нақты бір түркі тіліндегі түбірдің тілдік табиғатын зерттеу сол тілдегі қалыптасқан сөзжасамдық модель жүйесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. (Бұл мәселе кейінгі тарауларда арнайы қарастырылады).

Қазіргі қазақ тіліндегі екібуынды етістікті негіз-императивтерге морфемалық талдау жүргізудің мақсаты – олардың құрамындағы жұмсалымдық тұрғыдан жеке алғанда түбір негіз бола алатын және осындай жекелік негізден айырылған бір буынды туынды морфемалардың жіктелуін анықтау және оның теориялық, практикалық өзектілігін моносиллабтық лексемалардың диахрондық дәрежесін анықтайтын жалпытүркітану мәселелерімен тығыз байланыста қарастыру.

Аталған мақсатқа орай, зерттеудің нысаны ретінде қазақ тілінде 30-дан аса сөзжасамдық модельде кездесетін 1000-нан аса бірлік құрамында көрініс табатын екібуынды етістікті түбір-негіздер алынды. Себебі, морфемалық жіктелу нәтижесінде пайда болатын туынды моносиллабтық морфемалардың саны жеке тұрып мағына білдіре алмайтын лексемалар екен, олар әртүрлі себептерге байланысты өзінің этимологиялық мәнінен айрылған. Олай болса, оның себебін анықтау үшін осындай тілдік элементтер мен олардың фонетикалық, морфологиялық, семантикалық сипаттамаларының тарихи сөзжасамдық негізін дәйектеудің мәні ерекше.

Осы бағыттағы зерттеулерде қарастырылатын моносиллабтар мен диссиллабтардың архетиптерінің көрінісі көбінесе көнетүркі ескерткіштері тілінде сақталған. Академик Ә. Қайдардың осы тектес түбірлердің фоно-морфо-семантикалық құрылымының архитұлғасын табуда ұсынған «індете зерттеу» әдісіне сәйкес Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің тіліндегі моносиллабтарды қазіргі қыпшақ тілдеріндегі нұсқаларымен салыстыра отырып, сабақтастығын фонокорреляттар негізінде қарастырған М. Ескееваның зерттеуі түбіртану деңгейін ғылыми да, деректік те дәйектелген жаңа сапаға көтерді [8].

Мысалы, Мойун-Чор ескерткіші тілінде қолданылған *jar* (is) «жазық» сөзімен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *жай//жаз, жаз, жазық, жайдақ*, т.б. төркіндес болуы мүмкін [9].

Осыған сәйкес зерттеудің басты мақсаты мен міндеттері мынадай:

- тілде қалыптасқан барлық екібуынды императив-етістіктерді (ИЕ) тудыратын модельдердің ішкі жіктелімін жасау және оларды жинақтау;

- олардың туынды негіз бойынша және сөзжасамдық формант бойынша түрлерін сипаттау;

- туынды морфемалардың құрамын анықтау;

- туынды түбір мен негіз мағыналарының семантикалық күңгірттену себептері мен факторларын белгілеу, сондай-ақ олардың өлі түбірге айналу тетігін анықтау;

- өлі түбірлерді салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістерінің көмегімен бастапқы түпкі тұлғасын қайта қалпына келтіру мақсатымен этимологиялық жағынан жаңғыртуға ұмтылу;

- өлі түбірлер мен негіздердің құрылымдық типтерін анықтау, яғни оларды тіларалық және тілішілік варианттарға жіктеу.

Жүргізілген талдаулардың нәтижесі қазіргі тілде жеке дара тұрып қолданыла беретін (*бар-*, *кел-*, *бас-*) түбірлерді ғана негізгі түбір деп атап қоймай, сондай-ақ бастапқы жеке даралық мағынасын жоғалтып, күңгірт мағынаға ие болған (**ит-*, **ал-*, **ай-*, т.б.) тұлғаларды да түбір деп атауға болатына көз жеткізеді.

Барлық түбірлерді қазақ тіл біліміндегі қалыптасқан етістікті императив түбірлердің жіктеліміне сүйене отырып, дараланған және дараланбаған (өлі) түбірлер деп ажыратып көрсетуге болады [10].

Егер бірінші топқа белгілі бір дәрежеде мағынасы күңгірттенген өлі түбірлер жатса, екінші топқа – негізгі лексикалық қорды құрайтын тірі дараланған түбірлер жатады.

Мысалы, Ахмет Йүгінекидің шығармасындағы *из* сөзі жеке тұрып «біреудің артынан жүру», «еру» мағынасында қолданылады (ДТС. 620-б.). Қазақ тілінде аталмыш лексема *ұза-* «ұзап кету» мағынасында қолданылады. Дегенмен де алдыңғы тұлға да, соңғы тұлға да түбір сөз болып саналады, Олардың айырмашылығы – біріншісі **ұз-* түбірі өзінің дербес бола алмағандығынан өлі түбір деп танылады, ал *ұза-* түбірі – тірі түбір деп танылады, дей тұрғанмен бұл түбір алғашқы туынды түбір арқылы бірнеше екінші туынды түбірлердің жасалуына негіз болып отыр: *ұзар-* «ұзару», *ұзат-* «алшақтау», «шығарып салу», *ұзақ* «ұзаққа кету», т.б. Осыған ұқсас «бұрылу», «қайту», «кері бұрылу» мағынасындағы *қай* тұлғасы көне түркі ескерткіштерінде және қазіргі чуваш тілдерінде